

БӨЛІМ: МАТЕМАТИКА

Теңдік және теңсіздік. Теңдеу.

ЖАРИЯЛАНДЫ
17.11.2019СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/63213/

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Токаева Гульнара

Пәні: математика**Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі:**

Теңдік және теңсіздік. Теңдеу.

Күні:**Сынып:** 1**Осы сабақты меңгеруге көмектесетін оқу мақсаттары****Сабақ мақсаттары****Мектеп:** №157 жалпы білім беретін мектеп**Мұғалімнің аты-жөні:****Қатысқандар: Қатыспағандар:**

1.2.2.2 таңдап алу әдісі және қосу мен азайту амалдарының байланысы негізінде теңдеулерді шешу

Барлық оқушылар: таңдап алу әдісі және қосу мен азайту амалдарының байланысы негізінде теңдеулерді шешу.**Оқушылардың басым бөлігі:**

Қосу мен азайту амалдарын пайдаланып теңдеуді шешу, теңдеу құру үшін әріпті өрнекті, санды пайдалану.

Оқушылардың кейбірі:

Әртүрлі теңдеуді шешкенде амалдың ұқсастығы мен айырмашылығын атау, ұқсас есептер құрастыру.

Ойлау дағдыларының деңгейі

Бағалау критерийі:

Білу, түсіну, қолдану.

- Таңдап алу әдісі және қосу мен азайту амалдарының байланысы негізінде теңдеулерді шешеді.
- Қосу мен азайту амалдарын пайдаланып теңдеуді шешеді, теңдеу құру үшін әріпті өрнекті, санды пайдаланады.
- Әртүрлі теңдеуді шешкенде амалдың ұқсастығы мен айырмашылығын атайды, ұқсас есептер құрастырады.

Тілдік мақсаттар

Суреттер, үлестірмелі текшелерді қолдану арқылы тапсырмаларға теңдеу құруды, оны шешуді түсіндіремін. Сонша, тең, теңдік, қысқаша жазба сөздерін қолданады. Теңдеу-уравнение-equation
Диалог пен жазуға пайдалы сөз тіркестері:
-Өлшеу нәтижесінде не болады?
-Таразы теңестірілмегенде, бұл нені білдіреді?

Құндылықтарды дарыту

Шығармашылық және сын тұрғысынан ойлауға, жауапкершілікке жеке және топпен жұмыс жасай білу қабілетіне дағдыландыру ынтымақтастық құндылықтарын нығайту.

Пәнаралық байланыстар

Көркем еңбек-сызбалар бойынша, геометриялық фигураларды қолдану арқылы теңдеулер құрастырады, суретін салады.
Жаратылыстану пәні— суреттер арқылы есептің шартын түсіндіру.

АКТ қолдану дағдылары

Интерактивті тақта, слайд, үлестірмелі текшелер.

Жоспар

Ресурстар/
Дереккөздер

Сабақтың басталуы Психологиялық ахуал орнату
 Қатар-қатар тізіліп,
 Оқушыға лайық,
 Түп-түзу боп тұрайық,
 1-қатар жөй отыр,
 2-қатар сенде отыр,
 3-қатар тез отыр.
 Оқушыларды үлестірмелі текшелерде жазылған есептердің түрлеріне байланысты арқылы топқа екі топқа бөлемін.
 1-топ.Санды өрнек.
 2-топ.Әріпті өрнек.

1 тапсырма

«Сұрақ қою және талқылау» әдісі

Мақсаты: оқушының ойлау қабілетін, сыни ойлауын, өз ойын еркін жеткізуді дамытып қана қоймай таңдап алу әдісі және қосу мен азайту амалдарының байланысы негізінде теңдеулерді шешеді.

Барысы . Жаңа сабақтан алған білімдерін сұрақ қою арқылы тексеремін.

-Санды өрнек деген не?

-Әріпті өрнек деген не?

-Теңдік және теңсіздікті қалай ажыратамыз?

Оқушыларға «Үйін тап» ойыны арқылы қосу мен азайту амалдарының байланысы негізінде теңдеулерді ажыратады, құрастырады.

Аңдарға өз үйін табуға көмектесіңіз.Өрнектерді оқыңыз.

санды өрнек:70-у; теңдік:18+2; әріпті өрнек:40+20 60

Теңдеудегі белгісізді әріппен белгілеп

анықтау,теңдіктегі белгісіздің мәнін табу,теңдеу

құрастыру және оны шешу жолдарын топта талқылайды.

Бағалау критерийі	Дескриптор	Бағалау тәсілі
Таңдап алу әдісі және қосу мен азайту амалдарының байланысы негізінде теңдеулерді шешеді.	-қосу мен азайту амалдарының байланысы негізінде теңдеулерді құрастыры; -теңдеулерді шешті;	«Қошемет көрсету» арқылы бағалайды. 3 рет шапалақтау-өте жақсы 2 рет шапалақтау-жақсы 1 рет шапалақтау-қалыпты

Саралау әдісінің « Диалог және қолдау» тәсілі

Оқушылардың жаңа материалды қалай меңгергендерін анықтау,оқушылардың қажеттілігіне қарай түзету енгізу,алған білімдерін бағалау.

2 тапсырма (ТЖ) оқулықпен жұмыс

«Белгісіз бөлікті тап» тәсілімен

Мақсаты: Сурет бойынша белгісіз бөліктің мәнін табу үшін қосу мен азайту амалдарын пайдаланып теңдеуді шешеді, осыған сәйкес теңдеу құру үшін әріпті өрнекті,санды пайдаланып топтық тапсырмалар беріледі.

Барысы: 1-топ.Санды өрнек:а)3+х 9

2-топ.Әріпті өрнек:ә)10+у 50

Бірлесіп ақылдасып,сурет бойынша есептің шартын құрастырып,сұраған қояды, есепті шешудің жолын түсіндіреді,теңдеу құру мен теңдеуді шешудің жолдарын көрсетеді.

Бағалау критерийі	Дескриптор	Бағалау тәсілі
Қосу мен азайту амалдарын пайдаланып теңдеуді шешеді,теңдеу құру үшін әріпті өрнекті,санды пайдаланады.	— Қосу мен азайту амалдарын пайдаланып теңдеуді шешті. — теңдеу құру үшін әріпті өрнекті,санды пайдаланды.	«От шашу» арқылы бағалайды.

Саралау әдісі «Тапсырма» тәсілі білім деңгейі әр түрлі оқушыларға арналған оқушы қажеттілігіне тапсырма беріледі.

3 тапсырма« Геометриялық фигуралар» ойыны оқулықпен жұмыс

Мақсаты: Сурет бойынша теңдеу құрастырады және оны шешеді,сызбаға қарап сұрақ қояды. Теңдеуді шешкенде амалдың ұқсастығы мен айырмашылығын атайды, ұқсас есептер құрастырады.

Барысы: 1 топ. Санды өрнек. Сурет бойынша теңдеу құрастырады және оны шешеді. Сызбаға қарап,есепке сұрақ қояды.

2 топ. Әріпті өрнек. Шығарып көр.

Бағалау критерийі	Дескриптор	Бағалау
Әртүрлі теңдеуді шешкенде амалдың ұқсастығы мен айырмашылығын атайды, ұқсас есептер құрастырады.	-әртүрлі теңдеуді шешкенде амалдың ұқсастығы мен айырмашылығын атады. -ұқсас есептер құрастырды.	Геометриялық фигуралармен бағалаймын

Саралау әдісі: «Қолдау» тәсілі

Балалардың барлығы бірдей тапсырманы орындайды, бірақ олардың кейбіреуіне басқаларға қарағанда көбірек немесе азырақ қолдау көрсетемін.

Рефлексия

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.